



БҰЙРЫҚ

2019 ж. 3 сз

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№

168

город Астана

Инвестициялар тарту мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасына шетелдік инвестицияларды тарту жөніндегі шараларды жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамына (келісу бойынша) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 сәуірдегі № 216 қаулысына сәйкес құрылған Инвестицияларды тарту мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің жұмыс органына оған жүктелген міндеттерге қол жеткізуде жәрдемдесуді;

2) Инвестициялық саясат департаментімен бірлесіп, осы бұйрықты іске асыру бойынша өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

2. Инвестициялық саясат департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Р. Дәленов